

**Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломы туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қазандағы N 1577 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 992 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 № 992 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын тағайындау туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 423 Жарлығын орындау үшін, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын беру жөніндегі комиссиясы құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломымен марапаттауға байланысты мәселелерді қарау жөніндегі ереже бекітілсін.

3. (алынып тасталды - 2007.08.17. N 702 Қаулысымен)

4. (алынып тасталды - 2007.08.17. N 702 Қаулысымен)

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 21 қазандағы  
N 1577 қаулысына

қосымша

**Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын беру жөніндегі комиссиясының Құрамы**

Саудабаев

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Қанат Бекмырзаұлы

хатшысы, төраға (келісім бойынша)

- Әбдіқалықова - Қазақстан Республикасының Еңбек және  
Гүлшара Наушақызы халықты әлеуметтік қорғау министрі,  
төрағаның орынбасары
- Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасының Мәдениет  
Мұхтар Абрарұлы және ақпарат министрі
- Бөрібаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет  
Асқар Исмайылұлы және ақпарат вице-министрі
- Шаяхметов - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Әділ Шаяхметұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының  
бірінші орынбасары (келісім бойынша)
- Мергенов - Қазақстан Суретшілер одағы  
Еркін Тілекұлы басқармасының төрағасы  
(келісім бойынша)
- Серкебаев - Музыка қайраткерлері одағы  
Ермек Бекмұхамедұлы басқармасының төрағасы  
(келісім бойынша)
- Асқаров Әлібек - Қазақстан Республикасы Президенті  
Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі  
меңгерушісінің орынбасары (келісім  
бойынша)
- Әлпиев - Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
Төлеубек Нығметұлы ақпарат министрлігі "К.Байсейітова  
атындағы ұлттық опера және балет  
театры" республикалық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорнының директоры
- Дьяченко - Қазақстан халқының ассамблеясы  
Сергей Александрович төрағасының орынбасары (келісім  
бойынша)
- Түймебаев - Қазақстан Республикасының Білім  
Жансейіт Қансейітұлы және ғылым министрі
- Сарбасов - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты  
Ақмәди Әділұлы әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және  
әлеуметтік әріптестік департаментінің  
директоры, хатшы

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.11.19  
N 1488 , 2002.10.09 N 1099 , 2003.12.31 N 1370 , 2004.07.30 N 807 ,

2005.02.28 N 173 , 2006.06.27 N 588 , 2006.09.13 N 863 , 2007.06.19 N 513 , 2007.10.04 N 897 , 2008.06.11 N 577 , 2008.12.31. N 1338 , 2009.05.08. N 675 Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 21 қазандағы  
N 1577 қаулысымен

бекітілген

**Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломымен марапаттауға байланысты мәселелерді қарау жөніндегі ереже**

1. Осы Ереже мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломымен (бұдан әрі - Диплом) марапаттауға байланысты мәселелерді қарау тәртібін айқындайды.

2. Дипломды алуға ізденушілер болып өзінің белсенді қайырымдылық және демеушілік қызметтерімен мәдени және гуманитарлық салалардағы жобаларды іске асыруға елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары, шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар болуы мүмкін.

Мәдени және гуманитарлық салалардағы үлесі неғұрлым басым болып табылатын ізденушілерге артықшылық беріледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.08. N 675 Қаулысымен.**

3. Ізденушілердің кандидатураларын орталық атқарушы органдар, облыстар, Алматы және Астана қалаларының әкімдері және қоғамдық бірлестіктер ұсынады.

4. Дипломды Қазақстан Республикасы Президентінің мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Құрмет дипломын беру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

5. Комиссияның құрамы мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдардың өкілдерінен құралады және Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітіледі.

6. Комиссияның жұмыс органының функциясын Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орындайды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1370 , 2005.02.28. N 173 , 2007.08.17. N 702 , 2009.05.08. N 675 Қаулыларымен.

7. Дипломның тағайындалуына ұсынылған жобаларды Комиссия екі кезеңмен қарастырады. Бірінші кезеңде Дипломды алу конкурсына ұсынылған жобалар таңдалып алынады, екіншіден Комиссияның жалпы жиналысымен Дипломды беру туралы шешім қабылданады.

8. Комиссия отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ екі жылда бір реттен кем емес өткізіледі және егер, оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса құқылы деп саналады. Комиссия отырысын өткізудің бастамашысы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі болып табылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1370 , 2005.02.28. N 173 , 2007.08.17. N 702 , 2009.05.08. N 675 Қаулыларымен.

9. Жобаларды алдын-ала іріктеу және Дипломды беру туралы Комиссияның шешімі Комиссия отырысына қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

10. Комиссия отырыстарының нәтижелері бойынша Комиссияның Дипломды беру туралы қорытындысы (бұдан әрі - Қорытынды) ресімделеді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылады.

11. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қорытынды негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің Дипломды беру туралы актісінің тиісті жобасын Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізеді.

12. Дипломды Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның уәкілетті лауазымды тұлғалары бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етілуімен салтанатты жағдайда тапсырады.